

Шымкент университетінде "Жас Ғалым" үйірмесінің отырысы өтті

Шымкент университетінің "Жаратылыстану ғылымдары" кафедрасы жанындағы "Жас Ғалым" үйірмесінің кезекті отырысы өтті.

Отырыстың мақсаты – студенттердің ғылыми-зерттеу қабілеттерін арттыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және табиғатты қорғаудың өзекті мәселелерін талқылау болды.

Кездесуде келесі тақырыптар бойынша баяндамалар тыңдалды:

1. «Су ресурстары: үнемдеу мен қорғау жолдары»
2. «Жасыл экономика: тұрақты дамудың кілті»

Үйірме мүшелері суды ұтымды пайдалану, экологиялық тепе-теңдікті сақтау және жасыл экономиканың тұрақты даму үшін маңыздылығы туралы өз ойларымен бөлісті.

Іс-шара қорытындысында қатысушылар экологиялық жауапкершілікті арттырудың заманауи тетіктері туралы пікір алмасты.

"Жаратылыстану ғылымдары" кафедрасы мұндай ғылыми кездесулер студенттердің экологиялық ой-өрісін кеңейтіп, ғылыми белсенділігін арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

